

Мүгедектерді жұмыспен қамтуға жәрдемдесу жөніндегі қосымша шаралар туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Шалқар аудандық әкімдігінің 2010 жылғы 2 ақпандағы N 64 қаулысы. Ақтөбе облысының Шалқар аудандық әділет басқармасында 2010 жылдың 17 наурызда N 3-13-126 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Шалқар аудандық әкімдігінің 2011 жылғы 4 қаңтардағы № 4 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Шалқар аудандық әкімдігінің 2011.01.04 № 4 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтарлағы N 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабы 1-тармағының 13-тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі N 39 "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Заңы 31 бабының 1 және 3 тармақтарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 149 "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңы 7 бабының 5-2, 5-3,5-4 тармақтарына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шалқар ауданы бойынша 2010 жылы жұмыс орындарының жалпы санының үш пайызы мөлшерінде мүгедектер үшін жұмыс орындарының квотасы белгіленсін.

2. Белгіленген квотаға сәйкес мүгедектерді жұмысқа орналастыру ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің (И.Ерішов) жолдамасы арқылы жүктелсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары З.Ж.Жұмабаеваға жүктелсін.

4. Осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Р.Сыдықов